

"Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы № 43 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қыркүйектегі № 1009 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 20 сәуірдегі № 505 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.20 № 505 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабының 7-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. "Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы № 43 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 15, 182-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

"Ағымдағы жағдайды талдау және даму үрдістері" деген 2-бөлімде:

"Мемлекеттік қызметтерді ұсыну үдерісін автоматтандыру, электрондық үкіметтің ақпараттық жүйесін техникалық сүйемелдеу және біліктілігі жоғары IT-мамандар даярлау" деген кіші бөлімде:

"Дамудың негізгі параметрлері" деген кіші бөлімде: үшінші бөліктен кейін мынадай мазмұндағы төртінші, бесінші және алтыншы бөліктерімен толықтырылсын:

"Қазіргі уақытта Халыққа қызмет көрсету орталықтарының (бұдан әрі – ХҚО) қызметін жақсарту бойынша үлкен жұмыс атқарылды. ХҚО-ның жұмыс істеуіне қажетті нормативтік база құрылды, халыққа және бизнеске қызмет көрсету бойынша рәсімдер жеңілдетілді, сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бойынша оң үрдіс бар.

Барлық мемлекеттік қызметтерді ақпараттық қамтамасыз етудің толыққанды жүйесі бар ХҚО-ға көшіру, ХҚО кадр құрамының біліктілік деңгейін арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету мониторингісінің бірыңғай құралын жасау және

оның жұмыс істеуі мен мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету сияқты мәселелерді шешу қажеттігі туындайды.

Азаматтарға және бизнеске қызметтер көрсету үдерісін одан әрі жетілдіруді қамтамасыз ету үшін "жалғыз терезе" қағидаты бойынша жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтерді көрсету жөнінде ХҚО қызметін ұйымдастыру жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдардан ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беруді Мемлекет басшысы қолдады. Осыған байланысты ХҚО мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын жақсартуға бағытталған кешенді іс-шаралар жоспары әзірленетін болады.";

"3. Қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, мақсатты индикаторлары, міндеттері, іс-шаралары, нәтижелер көрсеткіштері" деген бөлімде:

"1. Мультимедиялық қызметтерді көрсетуге бағдарланған қазіргі заманғы технологияларға негізделген АКТ қызметтерін, өндірісі мен инфрақұрылымын дамыту" деген стратегиялық бағытта:

"Ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымының дамуын қоса алғанда ЖІӨ-дегі АКТ секторы үлесінің өсуіне қол жеткізуді қамтамасыз ету" деген 1.1-мақсат:

мына:

"

1. ЖІӨ-дегі АКТ-секторының үлесі 2015 жылға - 3,8%	Стат. дерек	%	-	3,70	3,70	3,72	3,75	3,78	3,80
--	-------------	---	---	------	------	------	------	------	------

"

деген жолдан кейін мынадай мақсатты индикатормен толықтырылсын: "

2. "Ақпарат және байланыс" саласының нақты көлемінің индексі	Стат. дерек	Өткен жылға, %	-	106,4	107,0	108,0	108,0	109,0	108,0
--	-------------	----------------	---	-------	-------	-------	-------	-------	-------

»;

"Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарын телефон байланысымен, Интернетке кең жолақты қолжетімділікпен АКТ саласындағы базалық қызметтерге кең жолақты қолжетімділікпен қамтуды 100%-ға жеткізу" деген 1.1.1-міндетте:

"4. Интернет пайдаланушылардың тығыздығы" деген жолдың "2012", "2013", "2014", "2015" деген бағандарындағы "34,6", "35,2", "35,8", "36,0" деген сандар тиісінше "37,5", "41,0", "44,5", "45,0" деген сандармен ауыстырылсын;

"2. Мемлекеттік қызметтерді ұсыну үдерісін автоматтандыру, электрондық үкіметтің ақпараттық жүйелеріне техникалық сүйемелдеу және жоғары білікті IT-мамандар даярлау" деген стратегиялық бағытта:

"Мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанға көшіруді қамтамасыз ету және ақпараттық коммуникация саласында білімді дамытуға қатысу" деген 2.1-

м а қ с а т т а :

м ы н а :

1. "Электрондық үкімет" аясында 2015 жылға дейін әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді кемінде 50%-ын электронды нысанға көшіруді қамтамасыз ету	Б А М деректері	%	2	10	15	25	35	50	55
--	-----------------	---	---	----	----	----	----	----	----

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1. Әлеуметтік маңызы бар барлық мемлекеттік қызметтерді 2013 жылға қарай "электрондық үкімет" порталы арқылы ұсыну	Б А М деректері	%	2	10	15	60	100	-	-
--	-----------------	---	---	----	----	----	-----	---	---

"
;

мынадай мазмұндағы міндетпен толықтырылсын:

"

2.1.3-міндет. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы мемлекеттік қызметтерді ұсыну үдерісін оңтайландыру										
Тікелей нәтижелер көрсеткіштері	Ақпарат көзі	өлш. бірл	Есепті кезең		Жоспарлы кезең					
			2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Электронды форматта көрсетілген қызметтер саны	Х Қ О ҰАЖ-дан деректер	%	-	20	20	25	25	30	30	
ХҚО-да мемлекеттік қызметтерді алу үшін күтудің орташа уақытын төмендету	Әлеуметтік сауалнама	Мин.	-	40	30	20	15	15	15	
ХҚО арқылы бір мемлекеттік қызметті көрсету үшін орташа есеппен етілетін құжаттардың саны	Х Қ О ҰАЖ-дан деректер	бірл.	-	10	8	6	4	3	2	
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі					
					2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	
1					2	3	4	5	6	
1. ХҚО бейнемониторинг үшін қажетті жабдықпен және байланыс арналарымен жабдықтау					x	x	x	-	-	

2. 15 ХҚО бейнеконференция жүйесін ұйымдастыру	x	-	-	-	-
3. ХҚО қызметкерлерін қашықтан оқытудың, тестілеудің және аттестациялаудың ақпараттық жүйесін құру	-	x	-	-	-
4. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ХҚО ақпараттық жүйесін ықпалдастыру	x	x	-	-	-

”;

“Тәуекелдерді басқару” деген 6-бөлімде:

“Стратегиялық бағыт: Мемлекеттік қызметтерді ұсыну үдерістерін автоматтандыру, электрондық үкімет ақпараттық жүйесіне техникалық сүйемелдеу және жоғары білікті IT-мамандар даярлау” деген кіші бөлімде:

мына:

”

Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесін уақытында құрмауы. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың “электрондық үкімет” компоненттерімен ведомстволық ақпараттық жүйелерді үйлестірудегі белсенділігінің төменділігі. Электронды нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны және оны дамытудың төмен деңгейі	“Мемлекеттік қызмет көрсетулердің мөлдірлігі, сапасы және үдерістерді автоматтандыру есебінен тиімділігі және жоғары білікті IT-мамандар даярлау” стратегиялық бағыттағы алға қойылған мақсаттарға жете алмау	Мемлекеттік органдардың ақпараттық желілерді дер кезінде құруы және ведомствоаралық үйлестіруі. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ресурстардың және жүйелердің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тиімділігін бағалау
--	---	--

”;

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

”

Халықтың электронды форматта ұсынылған мемлекеттік қызметті қолданудағы төменгі белсенділігі	Электронды форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтер санының төмендеуі	Электронды форматта мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігін кеңінен насихаттау. Халықты мемлекеттік қызметтерді алу орындарында оқыту
--	--	---

”;

“Бюджеттік бағдарлама” деген 7.1-бөлімде:

023 “Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресті насихаттау” деген бюджеттік бағдарламадан кейін мынадай мазмұндағы бюджеттік бағдарламамен толықтырылсын:

”

Бюджеттік бағдарлама	024 “Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жеке және заңды тұлғаларға “жалғыз терезе” қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметін ұйымдастыру”
----------------------	--

11.
2

!!

Бюджеттік бағдарлама	026 "Халыққа қызмет көрсету орталықтары" мемлекеттік мекемелеріні күрделі шығыстары"
Мазмұны	"Халыққа қызмет көрсету орталықтары" мемлекеттік мекемелеріні материалдық-техникалық жарақтандырылуы

бюджеттік бағдарламаның түрі	мазмұнына байланысты	күрделі шығыстарды жүзеге асыру						
	іске асыру тәсіліне байланысты	жеке						
	ағымдағы/ даму	ағымдағы						
Бюджеттік бағдарлама көрсеткішінің атауы	Өлш. бірл.	2009 жыл есебі	2010 жыл жоспары	Жоспарлы кезең			Жобаланатын жыл 2014 жыл	Жобаланатын жыл 2015 жыл
				2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл		
Тікелей нәтиже көрсеткіштері 1. Негізгі құралдарға жататын компьютерлерді, ноутбуктерді, жабдықтарды сатып алу	бірл.			200				
Түпкілікті нәтиже көрсеткіші Электронды форматта ХҚО көрсеткен қызметтер саны	%			20				
2. ХҚО арқылы ұсынылатын орташа есеппен бір мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қағаз құжаттар саны	бірл.			8				
Сапа көрсеткіштері Халықтың мемлекеттік қызметтерді алуды оңайлату	%			100				
Тиімділік көрсеткіштері								
Бюджеттік шығыстардың көлемі	мың тг.			69 394				

”;

“Бюджеттік шығындардың жиынтығы” деген 7.2-бөлімде:

“2011 жыл” деген бағанда:

“Бюджеттік шығындардың БАРЛЫҒЫ” деген жолдағы “41862619” деген сандар “49181307” деген сандармен ауыстырылсын;

“Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар” деген жолдағы “39816251” сандар “47134939” деген сандармен ауыстырылсын;

023 “Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресті насихаттау” деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

”

024 “Халыққа қызмет көрсету орталықтарының жеке және заңды тұлғаларға “жалғыз терезе” қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі қызметін ұйымдастыру”	мың теңге	0	0	7 249 294		
--	-----------	---	---	-----------	--	--

".
;

025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

026	"Халыққа қызмет көрсету орталықтары" мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары"	мың теңге	0	0	6 9 394		
-----	---	-----------	---	---	------------	--	--

".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК